



НҰСҚАУЛЫҚ

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық төтенше жағдайлар (жер сілкінісі, жарылыс, су тасқыны) кезінде жарақаттану жағдайларының алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін әзірленді.

1. Төтенше жағдайларда дереу тәрбиешіге немесе басқа таныс ересек адамға бару керек.
2. Кереуеттердің, үстелдердің астына, шкафтардың ішіне жасырынуға, басқа бөлмелерге қашып кетуге және т.б. болмайды, бұл ересектердің баланы тез тауып, құтқаруына кедергі келтіреді.
3. Ересектің нұсқауларын орындау қажет.
4. Жер сілкінісі немесе жарылыс кезінде ересектің артынан ғимараттан ашық, қауіпсіз жерге шығу керек.
5. Ересек болмаған жағдайда қауіпсіз бағытты анықтап, өзбетінше шығу керек.
6. Су тасқыны кезінде жертөлелерден алшақ болу керек, ғимараттың жоғарғы қабаттарына көтерілу қажет.
7. Балабақша/мектеп аумағынан тыс кетуге тыйым салынады.
8. Бейтаныс адамдармен кетуге болмайды.
9. Жарақат алған жағдайда дереу балабақшаның/мектептің кез келген қызметкеріне айту керек.

